

махаббат, екі әлемнің арасында тұрақтай алмай бір-біріне тартылу құдыреті, барлық шындық жарқырап символмен берілген. Енді, саған қартым, тағы не керек?» [6, 535]

Адам ойының да қарама-қайшылығы «Фауст» трагедиясы мен Шәкәрім өлеңдерінің негізгі желісі болып, адам ойының періштесі мен сайтаны үнемі арпалыста екенін беруге арналған. Алайда, фәни өмірдің қажеттіліктерге толы күрделі табиғаты адамды өз істеген істері үшін жауапкершіліктен босатпайды. Қарама-қайшылық мәңгі жалғаса беруі мүмкін емес. Шәкәрім өз өлеңінде:

Әлемді мен билейін,
Зұлымдықты сүймейін.
Залымды ұндай илейін,
Нәпсі болсын маған құл, -

деп [1, 250] қорытқаны сияқты, соңында «Фауст» трагедиясындағы кейіпкердің драмалық конфликті де жоғары деңгейде шешіледі. Сөйтіп, екі ақын шығармаларындағы ғалам тек рухтың үйлесімінде ғана өмір сүру қабілетін жалғастыра алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, (А.Құдайбердиев). –Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
2. Аникст А. “Фауст” - великое творение Гете. -М.: Знание, 1982. –64 с.
3. Холодковский Н. Вольфганг Гете. Его жизнь и литературная деятельность. -С.-Петербург: 1891.-94 с.
4. Аникст А. “Фауст” Гете. Лит.коммент. -М.: Просвещение, 1979. –240 с.
5. Гете И.В. Фауст. Неміс тілінен аударған М.Құрманов. –Алматы: Жазушы, 1982. – 200 б.
6. Конради К.О. Гете. Жизнь и творчество. -Т.2 Итог жизни. -М.: Радуга, 1987. –648 с.
7. Қасиманұлы С. Ғылым мен философияда да жалғызбын// Қазақ әдебиеті, 2000. 30 мамыр.-10а.
8. Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза. Өлеңдер мен поэмалар. Құраст. М.Мағауин. – Алматы: Жалын, 1988. –256 б.
9. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. –Алматы: Қазақстан және Ғақлия ғылыми-әдеби орталығы, 1991. –80 б.

ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНА «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ» ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Сейткасымова Куралай
Бекбулатова Рауза Фазылхановна
Агитаева Асемгуль Каиржановна
Оспанова Мәншүк Хасенханқызы
№2 мектеп-лицей мұғалімдері
Қостанай қ.

Аннотация

Мақалада жастарды осы заманның оқу біліміне жетілдіріп, сол білімді көңіліне тоқыту және білім арқылы Отанға, туган елге, халыққа деген сенімдерін нығайту туралы, яғни «жаңа қазақстандық патриотизмнің» мәні туралы жазылған.

Мақаланың мақсаты – қазақстандық патриотизм қоғамның бірігуі үшін, халықтың бірлігі мен мемлекеттің тұтастығы үшін ең басты фактор екенін түсіндіру.

Аннотация

В статье говорится о сущности «нового казахстанского патриотизма», направленного на улучшение знаний молодого поколения, укрепление их доверия к Родине и народу посредством современного образования.

Цель статьи – раскрыть идею формирования казахстанского патриотизма через изучение национальных ценностей и традиций казахского народа

Abstract

The article deals with the essence of the "new Kazakhstan patriotism", aimed at improving the knowledge of the younger generation, strengthening their trust in the Motherland and the people through modern education.

The purpose of the article is to reveal the idea of forming Kazakh patriotism through studying the national values and traditions of the Kazakh people.

Түйінді сөздер: *халық дәстүрі, патриотизм, басты фактор, ел болашағы, рухани жаңғыру*

Ключевые слова: *традиции народа, патриотизм, важный фактор, будущее страны, духовное обновление.*

Key words: *traditions of the people, patriotism, an important factor, the future of the country, spiritual renewal.*

Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасына арналған мақаласы әр қазақстандықты толғандыратын мәселелерге арналған деп ойлаймыз. Атап айтатын болсақ, елбасы халқымыздың рухани дамуының, болашаққа қадамының, мәдени құндылықтарымыздың сақталуының, елімізді бар әлемге таныла алатын жолын ұсына білді. Ұлттық болмысымызды сақтай отыра еліміздің даму жолдарын көрсеткендей болды. Жаңару жолында бүкіләлемдік дағдарыс аясында бізге жаңа күш, жаңа қуат, жаңа сенім, жаңа рух бергендей-ақ.

Елбасымыздың айтуы бойынша, тек сауатты, рухани бай тұлғалар ғана қоғам дамуындағы түрлі өзгерістерге төтеп бере алады. Сондықтан келешек жас ұрпаққа үлкен сенім артады. Себебі, өскелең ұрпақ еліміздің, ұлтымыздың – болашағы. Ал аталмыш бағдарлама болашақты тәрбиелеуге бағытталған.

Еліміздің болашақ азаматтары мектепте, отбасында қалыптасады. Мектеп оқушыларына патриоттық сезім дарыту ең басты құндылық болып саналады. Патриотизм дегеніміз, біздің ойымызша әр тұлғаның басты рухани құндылығы және ол өз Отанына белсенді қызмет ету барысында ғана байқалатын қабілет. Рухани жаңғыру бағдарламасына арналған мақала қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге байланысты мәселелерді шешуге арналған жаңа әдіс іспеттес.

Рухани құндылықтармен біріге отырып, патриотизм ұлттық идеяға ие болады. Бұл байланыста патриотизм мемлекеттің ұлттық стратегиясының бөлімі ретінде қарастырылады және оның негізі - туған жеріне, шағын Отанына, мемлекетіне деген сүйіспеншілігі. Сол үшін ұлтымызды ұйыстырып, бірлігімізді сақтап тұрған патриотизм біз үшін өте маңызды, басты мәселе.

Елбасы өзінің Қазақстан Халқына Жолдауында «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі» дей келе, «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады» дегенді шегелеп тұрып айтқан болатын. «Отан – отбасыдан басталады» дейтін дана халқымыздың сөзіне еш шүбә келтірместен, елін сүйген баланы тәрбиелеп шығару үшін, Отанның қадірін туғаннан бастап бала санасына сіңіруіміздің қажеттілігін айқындау – уақыт талабы болып отыр. Сондықтан, Отанды сүюді қалыптастыру әр баланың отбасынан да, уақытының көбін өткізетін мектеп керегесінен де басталады.

Патриоттықты қалыптастыру негізінен үш тұғырдан қарастырылады деп ойлаймыз: білім – сенім – іс-әрекет. Бұл ретте маңызды рөлді оқу үдерісі алады. Дәл осы үдеріс білім алушылардың патриоттық көзқарастары мен сенімдерін қалыптастырушы база болып табылады. Патриоттық сезімнің тиімділігін арттырудың бірден-бір жолы оның мазмұнын бүгінгі күннің шынайылығымен байланыстыра ұсыну. Бұл ретте, назарда ұстайтын бір мәселе бар: адамның көзқарасы, көңіл-күйі оның жетістіктері арқылы ғана қалыптаспайды, сонымен қатар кемшіліктер мен

қиыншылықтарды ескеру арқылы қалыптасады. «Жаңа қазақстандық патриотизм» деген ұғымды қалыптастыру бұл - ұлттық идеяны жүзеге асыру деп ойлаймыз. Әлемде еш мемлекет өзінің ұлттық идеясынсыз өмір сүре алмайды, бұл – заңдылық. Ұлттық идея саяси және экономикалық мүдде бір болғанда туындайтын құбылыс. Ал кез келген ұлттық идея мемлекет азаматтарын біріктіреді, сонымен қатар ұлтшылдықтың өсуіне де әкелуі мүмкін. Ұлттық идея пен ұлтшылдық ұғымдары екі түрлі түсінік екендігін естен шығармауымыз керек. Бұл орайда, елбасымыз қазақстандықтарға, жастарға ұлтшылдықтан жиреніп, ұлттық - патриоттық сананы кеңейтуге ұсыныс жасайды. Ұлтшылдық қай мемлекет, қай ел болсын қоғамды зорлық-зомбылыққа, аумақтық басып алуларға, шовинизмге әкелетіні сөзсіз. Ал ұлттық идея бір шаңырақтың астында 130-дан астам ұлт өкілдерінің татулықта өмір сүруін көздейді. Біз әлемнің бір бөлшегіміз, әлемнің қандай да болса өзгерістері біздің мемлекетімізді айналып өтпейді. Сондықтан келешек ұрпақ өз елінің, өз жерінің, өз тағдырының иесі болып, кемелденіп өсуіне аянбай еңбек етуіміз керек.

Шоқан Уалихановтың ұлы сөзі бар: « Ұлттың кемелденіп өсуі үшін ең басты екі дүние қажет. Оның бірі- азаттық, екіншісі- білім.» Сондықтан, ұлттың, халықтың азаттығы үшін алаштың зиялылары да, одан кейінгілері де, одан дейінгілері де талмай күресті. Ал жаһандану ғасырында әлемді бағындырудың, әлемді жаулаудың немесе ұлттарды жоюдың басқа сан түрлі жолдары пайда болды және бұл көп елдерде жүзеге асырылып келе жатыр. Сондықтан да Шоқан Уалиханов айтпақшы, елімізге, ұлтымызға азаттық керек, ол үшін әрқашанда күресу керек. Бүгінгі азаттық деген ол тек ту, елтаңба, әнұран ғана білу емес немесе салт – дәстүрін білумен ғана шектелмейді. Бүгінгі ұлттық азаттық дегеніміз ол білім де, ол ғылым да, ол экономика да, ақпараттық тәуелсіздік те, тіпті әлемдік деңгейдегі спорттық жетістіктер де немесе оның бәрін бір сөзбен алатын болсақ, қазақстандықтарды қандай сипат ерекшелендіреді және халқымыз қандай қастерлі қасиет арқылы күл әлемге таныла алады деген сауал төңірегін деп есептейміз.

Біздің ойымызша, өскелең ұрпақ осының бәрін білуі керек, азаттықты қорғай білуі керек, бағалай білуі керек. Азаттығымызға мәңгілік керек. Ал мәңгілік болу үшін білім, ұлт- сананың жаңғыруы қажет. Баласы үшін ағайынымен араласпауға бар, көрші көршісін, бауыр бауырын танымайтын, тіпті қазақ пен қазақ өз тілінде тілдесе алмауға бар заманда, яғни өмір ағымының қауіп - қатері төнген заманда еліміздегі жаңғырудың өзегі - бұл келешек ұрпаққа өзіміздің ұлттық кодымызды әр заманның басты байлығы болатын білім арқылы сіңіру деп білеміз. Енді бұл жерде «ұлттық кодқа» не жатады?- деген сауал туындайы. Оны біз «жаңа қазақстандық патриотизмнің» түп тереңінде жатқан мәні, өзегі деп айтар едік. Патриотизм ұлттық идеядан негізделеді. Ұлттық идея тарихи санадан туындайды. Тарихи сана дегеніміз - ол сенің дәстүрің, болмысың, тәрбиенің, тарихың, ата- бабаның жолы. Тарихи санадан ұлттың азаттығы жүзеге асады, яғни жаңа қазақстандық патриотизм іс- әрекетке асады деген сөз. Сол іс еліміздің ұлттық кодын қалыптастырады. Ұлттық код - мәңгілік елдің кепілі. Міне, сондықтан келешек ұрпаққа патриотизмді тәрбиелеуді, осы тұрғыда мәні зор. Ертең үшін, біз бүгін бірігіп жасайтын ісіміз де осы. Болашаққа бағытталған ойымызды Абайдың тәлім-тәрбиесіне жүгініп жасауға болады деп ұсыныс жасағымыз келеді.

Абайдан білімді де, ілімді де, парсаттылықты да, игілікті де, жүректі де, еңбекті де табуға болады. Балаларды бес нәрсеге асық болуға, бес нәрседен қашық болуға, өнерің, ісің болса ғана ойна, күл, надандықтан аулақ жүріп, жақсылыққа, адалдыққа ұмтыл деп, шақырған ұлылықтың осы күнге дейін мәні зор. Абайдан білім мен тәрбиенің үйлесуін, ортақ моделін көре аламыз. Абайдың қара сөздері ше? Әр адам Абайша өмір сүрсе, қандай керемет адам болар еді... Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің

тілін кесер едім», - деді. Ал жастар бойына дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер ретінде туған елге деген сүйіспеншілік пен ерлік, табандылық пен адалдық, парасаттылық пен сыпайылық, адамдарға қайырымдылықпен қарау, еңбексүйгіштік, жарқын өмірге ұмтылушылық деп, атап айтты.

Міне, бұл қасиеттер нағыз қазақстандық азаматына, патриотына тән қасиет. Оны қазіргі заманның адамына сіңіру – күрделі мәселе екенін де жасырмаймыз. Ол үшін өзімізді де Абайша тәрбиелеуіміз керек, Абайша ойланып, Абайша пайымдап жүріп-тұруымыз қажет. Бірақ, талаптанып, ерінбей еңбек етсең, өз жемісінді аласың деген сөз бар емес пе?... Бұл еңбекті елбасымыздың сөзімен айтқанда, «рухани жаңғыру» деп атауға болады. Соның нәтижесінде өз заманымыздан жаңа тұлға, «жаңа қазақстандық патриоты» шығады. Қоғамның бір мүшесі ретінде, әр адам өзін – өзі тәрбиелей бастаса, заман ағымына қарай бейімделе отыра салт- санамызды, дәстүрімізді дәріптей отырса ғана халықтың « рухани жыңғыруы» болар еді.

Абай атамыздың тағылымында «заманға кінә тақпа» дейді. Әрі: «Әркімді заман сүйреме, заманды қай жан билеме, заманға жаман күйлеме, замана оны илеме» дейді. Бұл ұғым бойынша, заман мен адамның қоғамдағы ара қатынасын қазақы түсінік тұрғысынан пайымдай аламыз. Абай ұғымында заман екінші жақтан «уақыт» деген де ұғымды білдіреді. Осыған байланысты әр заманда жаңа құндылықтар пайда болады, жаңа мәдениеттер туып шығады, былайша айтқанда өркениеттер алмасуы жүргізіледі.

Бұл заманның ыңғайын тауып, оқушыны сол заманның оқу біліміне жетілдіріп, сол білімді көңіліне тоқыту және білім арқылы Отанға, туған елге, халыққа деген сенімдерін ұялатсақ, ол өсе келе, барлық ісін, білімін, күшін тек туған жеріне ғана жұмсайды, парасат биігіне көтеріледі, болашақтың бейбіт жолын жалғастырады, яғни «білім – сенім- іс –әрекет» қағидасы жүзеге асады деп айтпақпыз. Сондықтан да, бұл мәселе кезек күтпейді, себебі қазақстандық патриотизм қоғамның бірігуі үшін, халықтың бірлігі мен мемлекеттің тұтастығы үшін ең басты фактор болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Насырова М. Патриотты тәрбиелеу. - Алматы. «Мысль» Республикалық- саяси қоғамдық журнал 2006. №1.22 б.
2. Пухович Л. Қазақстандағы ұлттық идеяның құрылымы. – Алматы. «Мысль» Республикалық- саяси қоғамдық журнал №2 2010 ж.- 11 б.
3. Е. Бекмухамедов « Ұлт ұғымының түсінігі мақаласы. – Алматы. «Мысль» - Республикалық- саяси қоғамдық журнал №9 2007 ж.- 23 б.
4. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhgyru>
5. Асан Омаров, абайтанушы «Абай ілімінің бүгінгі қоғамдағы маңызы» мақаласы. «Ақиқат»- қоғамдық-саяси журнал 2012 ж.
6. Ашманова Б.Ә. Жеке тұлғаны қалыптастыруда ұлттық салт-сананы тәрбиелеу. – Алматы. Тәрбие сағаты.Классный час. №5 2008ж. – 3б.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»: ДОШКОЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ, КАК ФУНДАМЕНТАЛЬНЫЙ ФАКТОР УСПЕХА В БУДУЩЕМ

Синявская Елена Витальевна
методист КГКП «Ясли-сад №3»
акимата г.Рудного

Аннотация

Берілген мақалада мемлекеттік, туған және шетел тілдер негізінде мектеп түлектерін халықаралық квалификациялық сапаларымен қамтамасыз ету сонымен қатар ең артық білімдік дәстүрлерді сақтаңдыру стратегиялық міндеттерді шешу жүйелері баяндалады.

Аннотация

В статье освещается система решения стратегических задач по сохранению лучших образовательных традиций, но наряду с этим обеспечение выпускников школ